

ТАШКЕНТ ШАҒАРЫНДА БІЛІМ АЛУ

ОБУЧЕНИЕ КАРИМА МЫНБАЕВА В ТАШКЕНТЕ

Ағаларының ақылымен Кәрім Мыңбаев оқуға келер қарсаңда Ташкентте орналасқан оқу орындары Орта Азияреспубликалары мен Қазақстан үшін шаруашылық пен білім-ғылым саласына қажетті мамандар даярлайтын еді.

Ташкент қаласы ХХ ғасырдың бірінші ширегінде Орта Азиядағы біліммен ғылымның, мәдениет пен өнердің орталығы саналатын. Қала сонымен қатар Түркістан өлкесінің әкімшілік-саяси орталығы ретінде де маңызды рөл атқарды. Ташкент шаһары 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін Түркістан генерал-губернаторлығының орталығы болғандықтан өлкедегі ең басты оқу орындары да осы қалада орналасты.

Зерттеушілердің пікірінше аталған кезеңде Ташкент қазақ зиялыларын қалыптастырушы қала болды. Ташкенттегі қазақ зиялылары, оның ішінде алаш қайраткерлері Түркістан өлкесі халықтарының мәдениеті мен білімін көтеруде ерекше еңбек сіңірді. Олардың халық ағартушылық қызметінің көрінісі Орта Азия мемлекеттік университетінде (САГУ) айқын байқалды. Ташкентте ашылған Орта Азия мемлекеттік университеті Қазақстанның халық шаруашылығы мен мәдени өмірін көтеруде көп көмегін тигізді. Ол кезде Орта Азия мен Қазақстанның бірден бір ғылыми және мәдени орталығы болған бұл университет Түркістан өлкесінде мекен ететін бүкіл халықтарға ортақ оқу орны болды.

Кәрім Мыңбаев білім алған Мақта және ирригация институты өзінің бастау негізін Түркістан мемлекеттік университетінің (САГУ) техникалық факультетінен алады. Осы факультеттен бөлініп 1923 жылы жеке Мелиорация инженерлік факультеті құрылып, бірнеше рет құрылымдық өзгерістерге ұшырап 1934 жылы Ташкент ауыл шаруашылығы ирригациясы және ауыл шаруашылық механизациясы институты болып аталады (*қазіргі Ташкент ирригация және мелиорация институты*).

Ташкент в первой четверти ХХ века был научным, образовательными культурным центром Средней Азии. Город также играл важную роль как административный и политический центр Туркестанского края— до Октябрьской революции 1917 года он был центром Туркестанского генерал-губернаторства. Неудивительно, что все ведущие учебные заведения находились там.

В начале ХХ века в Ташкенте работали выдающиеся представители казахской интеллигенции – просветители, деятели национально-освободительного движения и архитекторы Туркестанской и Алашской автономий Мустафа Шокай, Ахмет Байтурсынов, Миржакып Дулатов, Магжан Жумабаев, Жусупбек Аймаутов, Хайретдин Болганбаев, Кошке Кеменгеров, Темирбек Жургенов, Мухамеджан Тынышбаев, Серали Лапин, Кольбай Тогусов, Халел и Жаханша Досмухамедовы, Турар Рыскулов, Назир

Торекулов, Султанбек Кожанов, Ораз Жандосов, Иса Токтыбаев и другие. Они внесли исключительный вклад в развитие казахской литературы, культуры и образования народов Туркестанского края.

Сакен Сейфуллин читал лекции в Ташкентском педагогическом институте. А Мухтар Ауэзов в 1928-1930 годах учился в аспирантуре Восточного факультета Среднеазиатского государственного университета (именно в этом городе завязалось знакомство и началась дружба Карима Мынбаева с великим писателем).

В то же время следует подчеркнуть, что судьба благоволила молодому Кариму Мынбаеву, которому едва перевалило за двадцать, когда он приехал учиться: он успел познакомиться и пообщаться с такими выдающимися людьми, перенять их знания и жизненный опыт.

12 мая 1918 года в Ташкенте открывается и начинает работать Туркестанский университет (с 1923 г. – Среднеазиатский государственный университет, в настоящее время национальный Университет им. Улугбека).



Орта Азиялық мемлекеттік университеті (САГУ)
Средне-Азиатский государственный университет (САГУ)

Ташкентте Кәрім Мыңбаев оқуға барар қарсаңда қазақтың сол кездегі бетке ұстар зиялыларының кейбірі әлі де еңбек етті. Сәкен Сейфуллин Ташкенттегі Педагогика институтында дәріс оқыған. Мұхтар Әуезов 1928-1930 жылдары Орта Азия мемлекеттік университетінің Шығыс факультетінің аспирантурасында оқыды. Ұлы жазушының Кәрім Мыңбаевпен таныстығы, достығы осы қалада басталды. Сол кезеңде Кәрім Мыңбаевтың Нұралық жерлесі Сәйділ Талжановта Ташкентте оқыған.

Кәрім Мыңбаев оқыған жылдары Ташкентте Ғафур Гулям, Хамид Амиджан, Айбек сияқты өзбектің сол кездегі жас ақындары білім алды және еңбек етті. Олардың шығармаларын ортаазиялық жастар құмарлана оқып, олармен кездесулер ұйымдастыратын.

Ташкент Кәрім Мыңбаевты өзінің ортағасырлық сәулет өнері үлгілерімен де тәнті етті. Кәрім сол кездегі Шейхантаур (XV ғ.), Юнус хан

(XV ғ.) Ходжа Зайнеддин (XII ғ.) Каффаль Шоши (XVI ғ.) кесенелері мен Барақ хан (XVI ғ.), Көкілташ (XVI ғ.) медреселерін тамашалады.

Кәрім Мыңбаев институтта ортаазиялық ұлт өкілдерімен-өзбек, қырғыз, тәжік, түрікмен, қарақалпақ, ұйғыр және славян тектестермен қатар оқыды. Бәрімен тіл табысып, достасып, емін-еркін араласты. Олардың тілдерімен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен танысты.

Кәрім жасынан өлеңге, ән-күйге бейімі болғандықтан әдебиет үйірмесіне де қатысады. 1928 жылы Сәкен Сейфуллин Қызылордадан Ташкентке Қазақ-қырғыз институтының директоры болып ауысқанда В.И. Ленин атындағы Орта Азия университетінің түркі тілдес студенттерінің өтінішімен университетте әдебиет үйірмесін ұйымдастырады.

Үйірмеге поэзия мен әдебиетке ынтасы бар барлық оқу орындарының жастары қатысады. Сол кездегі үйірмеге қатысқан студенттің бірі-Елтоқ Ділмұхамедовтың естелігі бойынша Сәкеннің үйірме жұмысындағы сөздері мен баяндамалары, дәрістері, әдебиет жөніндегі ұйымдастырған айтыстары нәтижесінде көп студенттердің ақындық, жазушылық қабілеттері едәуір ілгері дамып, талаптарына жол ашылады. Солардың қатарында Кәрім де болды.

Кәрім Мыңбаевтың болашақта ғалым болып шығуына негіз болған жүйелі де терең білім алып, дүниетанымы кең ғалым болуына Ташкенттегі осындай ғылыми және мәдени ортаның болуы сөзсіз әсер етті.

Кейін осы алған білімін одан әрі тереңдетіп, іскерлікпен өзінің және елінің игілігіне жарата білді. Ол 1928 жылы осы қаладағы Орта Азия мақта және су шаруашылығы политехникалық институтының Жаңа техникалық дақылдар факультетіне түсіп, оны 1932 жылы агроном-полевод мамандығы бойынша үздік бітіріп шығады.

Кәрімнің Ташкентте студенттік досы болған, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген зоотехнигі Төлеужан Мусин «Өмір баспалдақтары» кітабында еске алады: «Оқуға, білім алуға деген құштарлық арқасында біздер жатпай-тұрмай емтиханға әзірленіп, көп ұзамай оқуға түсіп студент атандық. Сол кездің өзінде-ақ Кәрім талаптанғыштығымен, ерекше еңбекқорлығымен бәрімізден асып түсетін. Кәрімнің бойындағы бір ерекше қасиет - әдебиетке деген құштарлығы еді. Әлем классикасы мен орыс әдебиетінің озық туындыларын тек оқып қоймай, олар туралы салмақты, салиқалы пікірлер айтатын. Әңгіме жанрының айтулы шебері А.П. Чеховтың шығармаларын қазақ тіліне аударып, сол кездегі мерзімді басылымдарда жариялайтын»

Кәрім институттағы оқуы кезінде факультет комсомол ұйымының жұмысына белсене қатысып басшыларының бірі болады және аудандық комсомол комитетінің бюро мүшесі болып сайланады. Оқу бітірген жас маман Кәрімді жолдамамен Кавказға жұмысқа жібереді. 1932 жылдың көктемінен 1933 жылдың күзіне дейін Грузия КСР-дегі «Ахал Сенек» деген жердегі Закавказье ауылшаруашылығы тәжірибе станциясында ғылыми қызметкер болып еңбек етеді. Осыдан кейін Қазақстанға оралады.

КӘРІМ МЫҢБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Алматыға оралған Кәрім Қазақ ауыл шаруашылығы институтында доцент, кафедра меңгерушісі болып қызмет атқарды. Бір мезгілде Алматы мемлекеттік селекция станциясында аға ғылыми қызметкер болып еңбек етті.

Ол білім мен тәжірибені ұштастырғанда табысқа жетуге болатынын ұғынады. Білімін жетілдіру, тереңдету мақсатында бір мезгілде Ауыл шаруашылық институтында және кейін Қазақ жер шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтындағы қызметі кезінде қоғамдық жұмыс ретінде кәсіподақ ұйымын басқарады.



Оңтүстік Қазақстанда сағызды өсімдіктерін өсіруге Түлкібас, Пахтаарал, Жувалин және Түркістан облыстары бөлінген

Ұстаз шеберлігінің бір ұшы-жүйелі ғылыми жұмыста екендігіне көз жеткізіп ол студенттерді оқыта жүріп үйренеді, үйрете жүріп өзі де оқыды, білімін жетілдірді.

Осы кезде Кәрім каучук алатын көксағыз өсімдігінің келешегі зор екенін, оның қарқынды дамып келе жатқан автомобиль өндірісі үшін аса қажет өнім, әрі әскери-стратегиялық мақсаттағы шикізат көзі екенін анықтап, осы салада ғылыми ізденістер жүргізуді алдына мақсат етіп қояды. Сөйтіп, аса қысқа мерзімде институт бітіргеннен кейін екі жыл өткенде республикалық каучук беретін өсімдіктердің талас тудырмайтын маманы болып қалыптасты.

Көп ұзамай Кәрімді басшылар білімді және ұйымдастырушылық қабілеті жоғары маман ретінде 1933 жылдың желтоқсанынан 1934 жылдың тамызына дейін Оңтүстік Қазақстан облысының Бурное селосында орналасқан № 2 «Каучукпромхоз» кәсіпорнына техникалық директоры қызметіне жібереді.

Это высшее учебное заведение оказало большое влияние на подъем народного хозяйства и культурной жизни не только Казахстана, но и всей Средней Азии.

Среднеазиатский государственный университет стал первым и в то время единственным вузом в регионе, готовившим специалистов для нужд республик Средней

Институт хлопка и ирригации, где с 1928 по 1932 год обучался Карим Мынбаев, берет свое начало от технического факультета

Туркестанского государственного университета (САГУ). Созданный на его базе в 1923 году Инженерный факультет мелиорации неоднократно претерпевал структурные изменения и в 1934 году был переименован в Ташкентский институт сельскохозяйственной ирригации и механизации сельского хозяйства (*ныне Ташкентский институт ирригации и мелиорации*). В 1926-1928 годах факультет состоял из 16 кафедр. В 1929 году на нем обучалось 578 студентов.

Ташкент восхитил Карима своими средневековыми архитектурными сооружениями. Он посетил мавзолеи Шейхантаур (XV в.), Юнус хан (XV в.) Ходжа Зайнеддин (XII в.) Каффальшохи (XVI в.), а также медресе Барак хан (XVI в.) и Кокилташ (XVI в.).

Когда в 1928 году Карим Мынбаев приехал учиться в Ташкент, в нем всё еще было много казахской молодежи, получавшей образование в различных учебных заведениях города.

Карим Мынбаев учился со студентами узбекского, кыргызского, таджикского, туркменского, каракалпакского, уйгурского и славянского происхождения. Со всеми ладил, дружил, общался. Знакомился с их языками, традициями, культурой. Он принимал активное участие в работе комсомольской организации факультета и был избран членом бюро райкома комсомола.

Молодые люди часто испытывали материальные трудности, не имея возможности нормально питаться и одеваться. За плохо одетыми, полуголодными студентами бегали уличные мальчишки и дразнили их: «Ходя-модя, соли дай!»... Но они были полны энтузиазма и верили в будущее, которое им предстояло строить. А те из них, кто любил литературу и искусство, находили дополнительный источник вдохновения в литературных занятиях.

Студенческий друг Карима Тулеужан Мусин, ставший заслуженным зоотехником Казахской ССР, вспоминает в своей книге «Өмір баспалдактары» («Лестница жизни»): «Благодаря большому желанию учиться мы днем и ночью готовились к вступительным экзаменам и вскоре стали студентами. В то время Карим превосходил всех нас своей требовательностью к себе, особым усердием. У Карима была одна характерная черта – страсть к литературе. Он не только читал лучшие произведения мировой классики и русской литературы, но и высказывал о них взвешенные суждения. Карим переводил на казахский язык произведения выдающегося мастера жанра рассказа А.П. Чехова и публиковал свои переводы в периодических изданиях того времени».

В годы обучения Карима Мынбаева в Ташкенте учились и творили такие молодые узбекские поэты, как Гафур Гулям, Хамид Амиджан, Айбек. Их произведения были популярны у среднеазиатской молодежи, которая устраивала с ними постоянные встречи.

Такая благоприятная научная и культурная среда в Ташкенте несомненно повлияла на то, что впоследствии Карим Мынбаев легко писал научные статьи и книги, ясно и хорошим языком излагая их содержание.

В 1932 году Карим Мынбаев с отличием окончил Среднеазиатский хлопково-ирригационный политехнический институт по специальности агроном-полевод.

С юных лет познавший все особенности природы казахской степи, воспитанный в городской среде и выбравший профессию из сферы сельского хозяйства Карим, еще будучи студентом, проявил склонность к научным изысканиям. Российские ученые дают Кариму совет связать свое будущее с наукой.

И его, как молодого специалиста, после окончания обучения направляют работать на Кавказ. С весны 1932 года по осень 1933 года Карим был научным сотрудником Закавказской сельскохозяйственной опытной станции «Ахал Сенек» в Грузинской ССР (*академики ЕламанШаханов и Игорь Нечаев в статье о КаримаМынбаеве отмечают, что Карим после окончания института по решению Народного комиссариата сельского хозяйства ведет научную работу на Кавказской опытной станции в Грузии. Но там он проработал недолго. Они пишут, что Карим приехал в Алматы после выхода постановления правительства о возвращении молодых специалисты в свои республики*). После этого он возвращается в Казахстан.

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАРИМА МЫНБАЕВА В КАЗАХСТАНЕ

Вскоре после возвращения в Алма-Ату Карима Мынбаева, как образованного специалиста и хорошего организатора, назначили техническим директором предприятия № 2 «Каучукпромхоз», расположенного в селе Бурное Южно-Казахстанской области. Он проработал там с декабря 1933 года по август 1934 года.



В Южном Казахстане под выращивание каучуконосов были определены Тюлькубасский, Пахтааральский, Джувалинский и Туркестанский районы

Ал 1934 жылдың тамызынан 1935 жылдың мамыр айына дейін Шымкент қаласында Оңтүстік Қазақстан облыстық Қызылша шаруашылығы басқармасының бастығы қызметін де атқарады.

Осы қызметтерді атқара жүріп Кәрім көксағыз, таусағызы өсімдіктерінен өндірістік негізде каучук алудың жолдарын жетілдіру жұмыстарын зерттеуді жалғастырады.

1935-1936 жылдары Алматыға оралып Ауылшаруашылығы институтында оқытушылық және Қазақ егіншілік институтында (КИЗ) ғылыми жұмыстармен айналысады.

Кәрім Мыңбаев Оңтүстік Қазақстанның тау етектерінен көксағыздың табиғаттағы жабайы түрлерін тауып, ғылыми тәжірибелік жұмыстарын бастайды. Арнайы шаруашылықтар құрып, зерттеулер жүргізіп, көксағыздың мол өнімді, мәдени түрлерін шығарып, өсіру технологиясын жасау ісіне басшылық етеді. Соның нәтижесінде Қазақстан КСРО-да сол жылдары резина шикізатын шығаруда жетекші орынға ие болады.

Позднее, с августа 1934 года по май 1935 года, он был начальником Южно-Казахстанского областного управления свекловодства в г. Шымкент. Затем он работал старшим научным сотрудником Алма-Атинской государственной селекционной станции, где продолжил исследования по изучению способов промышленного получения каучука из растений. Одновременно начал преподавать в Казахском сельскохозяйственном институте и продолжил занятия научной работой в Казахском институте земледелия (КИЗ).

Карим Мынбаев нашел в предгорьях Южного Казахстана дикие виды одуванчика и приступил к научно-практической работе. Создал специальные хозяйства, проводил исследования, руководил производством и разработкой технологии выращивания культурных видов одуванчика. В результате Казахстан в СССР в те годы занял лидирующие позиции по выпуску резины.

Своими исследованиями по изучению каучука и превращению его в сельскохозяйственную культуру молодой агроном Карим Мынбаев привлёк внимание академика Н.И. Вавилова, который предложил ему продолжить исследования в аспирантуре Всесоюзного института растениеводства. Там, под руководством Н.И. Вавилова, Карим Мынбаев в течение трёх лет, с 1937 по 1940 год, продолжал работу по изучению каучука, начатую в Казахстане.

Неутомимому и любознательному молодому исследователю доверяют руководство профсоюзной организацией института. Карим Мынбаев избирался в состав комиссии по выборам депутатов Верховного Совета РСФСР и СССР, активно участвовал в общественно-политической жизни института и города, был членом редакции газеты, издаваемой Всесоюзным институтом растениеводства.

Руководство института высоко ценило трудолюбие, активную добросовестную научную и общественную работу Карима. В то время по заведенным порядкам для кандидата в партию предполагался двухгодичный испытательный срок. Членами партии становились только те, кто безупречно проходил через него. Карим Мынбаев числился кандидатом в коммунисты в 1938-1940 годах, а в 1940 году стал членом ВКП(б).